

The method and techniques the teacher should use in teaching children of the primary school is the direct method, and various techniques which can develop pupils' listening comprehension and speaking. Pupils are given various exercises, connected with the situational use of words and sentence patterns.

LITERATURE

Fries, Charles Carpenter., "Teaching and Learning English as a foreign language."; The univ. of Michigan press, 1964

Jack C. Richards and Theodore S. Rogers., " Approaches and Methods in Language Teaching."; Cambridge univ. press, 1986

Elaine Tarone and George Yule., "Focus on Language Learner."; Oxford univ., 1991

Michael H. Long, Jack C. Richards., "Methology in Tesol: A book of Readings."; USA., 1987

Түйіндеме

Берілген мақалада ағылшын тілін оқытудың негізгі әдістері қарастырылған.

Резюме

В данной статье рассматриваются основные методы обучения английскому языку, в частности грамматике английского языка.

ӘОЖ 37.014:004

АҚПАРАТТЫҚ-КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ОҚЫТУ ҮРДІСІНДЕ ҚОЛДАНУДЫҢ НЕГІЗГІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

М.Б. Мақамбаев

Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, Семей қ.

Оқу үрдісіне ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың енуі ақпаратты берудің және өндеудің электрондық құралдарына негізделген білім беру технологияларының және оқытудың жаңа үлгілерінің пайда болуына әсер етті. Компьютердің өте күшті мультимедиа жүйелерінің және интерактивті компьютерлік программалардың қолданысқа енуі білім беру сапасының артуына негіз болды.

Алайда, оқу үрдісінде қолданылатын техникалық құралдардың және технологиялардың әртүрлілігіне қарамастан оқыту сапасы оқу материалының

кұндылығынан, оны беру үлгісінен және оқу үрдісін ұйымдастыруды жетілдіруден тұратының есте ұстаған жөн. Сондықтан, тіпті дәстүрлі оқыту үлгісінің өзінде көрнекі құралдардың жетіспеуіне, білімнің күрделілігіне, жана ақпарат ағындарының үнемі өсіп отыруына байланысты көптеген мәселелер пайда болып отырады.

Қоғамды ақпараттандырудың негізгі бағыттарының бірі, ақпараттық технологияны информатиканың әдістері мен құралдарын дамыта оқытудың идеяларын жүзеге асыруға, оның сапасын компьютерлерді студенттердің танымдық іс-әрекетін қолдануда пайдалана отырып, білімді ақпараттандыру болып отыр. Ақпараттық технология түсінігін әдетте мәліметтерді өңдеу, әдістері мен құралдарының оларды қалыптастыру, аудару, сақтау мен қажетті жағдайдың ақпараттық өнімді бейнелеуді оған жұмсалатын шығынның өзгеруіне қарай, әлеуметтік ортаның заңдылықтарын сәйкес ақпараттық жаңа технологияның дамитын жеріндегі жиынтық деп түсінуге болады. Ақпараттық технологиялар әртүрлі техникалық құралдарды пайдалануды тұжырымдайды, олардың ішінде ең бастысы компьютер болып табылады;

Ақпараттық технологияны білім жүйесінде қолданудың негізгі бағыттары төмендегідей:

- пәндік-информатиканы ғылым ретінде, ал компьютерді құрылғы ретінде тікелей оқыш үйрену, құрал-жабдық жазуды, сурет салуды, есептеуде, ақпараттың жинақталуы мен ұйымдастырылуы сияқты іс-әрекеттерді компьютерді пайдалана отырып іске асыру; еңбектік есептеуіш құралдар мен ақпараттық технологияларды еңбек дағдылары мен кәсіптік бағыттауды қалыптастыруда пайдалану;

- демалыстық-оқу процесінің сыртындағы жекеленген қызығушылықты жүзеге асыруда компьютердің барлық мүмкіндіктерін пайдалану;

- диффектологиялық-даму кемістіктері бар балаларды оқытуда компьютерді пайдалану;

- оқытушылық-ЭЕМ-ді педагогикалық және әдістемелік іс-әрекеттің әр түрінде пайдалану;

- ұйымдастырушылық-білім беру жүйесін басқару мақсатында пайдалану;

- оқыту-компьютерді нақты бір оқу пәнін оқыту құралы ретінде пайдалану.

Оқытудың ақпараттық технологиясы – бұл ақпаратпен жұмыс жасау үшін арнайы тәсілдер, педагогикалық технологиялар, бағдарламалық және техникалық құралдар (кино, аудио және видеокұралдар, компьютерлер, телекоммуникациялық желілер).

Оқытудың ақпараттық технологиясы - білімді жаңаша беру мүмкіндіктерін жасау (педагогикалық іс-әрекетті өзгерту), білімді қабылдау, білім сапасын бағалау, оқу-тәрбие үрдісінде оқушының жеке тұлғасын

жан-жақты қалыптастыру үшін ақпараттық технологияның қосымшасы деп түсіну керек.

Білімді ақпараттандырудың негізгі мақсаты - «оқушыларды ақпараттық қоғам жағдайында тұрмыстық, қоғамдық және кәсіби салалардың іс-әрекетіне толық, тиімді араластыру» болып табылады.

Көптеген елдердің ғылыми орталықтары мен оқу орындарында нақ осы білім қажеттілігі үшін мамандандырылған компьютерлік жүйелер саны дайындалды, олар оқу-тәрбие үрдісінде әр түрлі жағынан қолдауға бағытталды. Бұл - жүйелердің негізгі түрлері төмендегідей болып табылады.

Компьютерлік бағдарламаланған оқыту - бұл сәйкесінше, компьютерлік бағдарламалардың көмегімен бағдарламалық оқыту механизмдерін жүзеге асыратын технология;

Материалды компьютердің көмегімен оқу - оқушының жаңа материалды әр түрлі құралдардың, оның ішінде компьютердің көмегімен өз бетінше оқуын болжайды. Бұл жерде оқу іс-әрекетінің сипаты айтылмайды, оқу нұсқауларының жиынымен іске асырылуы мүмкін. Мұның өзі бағдарламалық оқыту әдісінің мәнін ашады;

Материалды компьютер қоры негізінде оқу - алдыңғы технологиялар, технологиялық құралдардың алуан түрін (оның ішінде дәстүрлі оқулықтар, аудио және видео жазбалар және т.б.) қолданумен айрықшаланатын болса, мұнда бағдарлама құралдарын, оқушылардың өз бетінше тиімді оқуын арттыратын бағдарламаларды басымырақ қолдану жүргізіледі;

Компьютер қорымен оқыту - білім берудің барлық мүмкін боларлық формаларын қолдану (мұғалімнің қатысуымен), шын мәнінде, жоғарыда айтылғандармен сәйкес келеді;

- Компьютердің көмегімен бағалау - өз бетінше оқыту технологиясы деп қарастырылады, дегенмен ол практикада басқаларға құрамдас элемент болып кіріп жүр. Мұндай жүйе оқылатын пәннің мазмұны мен дәстүрлі оқытуда қолданылатын немесе оқыту бағдарламаларында жүзеге асырылатын әдістерге тәуелсіз;

Компьютерлік коммуникация - білім беру және оны жеткізумен қамтамасыз ете отырып, жоғарыда аталған технологиялардың барлығының ажырамас құрамы болып табылады. Жергілікті, аймақтық және басқа компьютерлік желілерді қолдану үшін жұмсалады. Компьютерлік коммуникация жекелеген оқу орындарының, қаланың, аймақтың, елдің ақпараттық білім жүйесінің мүмкіндіктерін көрсетеді.

Оқытудың ақпараттық технологиялары осы ақпараттық білім жүйесінің шегінде жүзеге асырылатын болғандықтан, осы білім технологиясына ақпараттық және бағдарламалық қолдаумен көрсететін құралдар бір ғана компьютері мен оған енгізілген бағдарламамен шектеліп қалмауы керек.

Шын мәнінде бәрі керісінше, оқытудың ақпараттық технологияларының бағдарламалық құралдары және білім технологияларының өздері ақпараттық білім ортасына – ақпараттық білім жүйесінен бөлінген жүйешелер түрінде қосылады.

Оқытудың ақпараттық технологиясында қолданылатын бағдарламаны қамтамасыз етуді бірнеше категорияға бөлуге болады:

- Оқытатын, бақылайтын және үйрететін жүйелер;
- Ақпарат іздеу жүйесі;
- Модельдеу бағдарламалары, микромирлер;
- Танымдық сипаттағы инструменттік құралдар;
- Әмбебап сипаттағы инструменттік құралдар;
- Коммуникацияның қамтамасыз етуге арналған инструменттік құралдар.

Модельдеу бағдарламалары мен микромирлер - бұл ерекше аз мамандандырылған бағдарламалар, оларды компьютерде арнайы қолдану және оның кейбір мәселелерін зерттеуге тура келеді.

Инструменттік құралдар деп - жаңа электрондық ресурстар жасауды қамтамасыз ететін бағдарламаларды атайды:

- әр түрлі форматты файлдар;
- Мәліметтер қоры;
- бағдарламалық модульдер;
- жекелеген бағдарламалар мен бағдарламалар жиыны.

Мұндай құралдар пәндік-бағытта болуы мүмкін, сол секілді нақты міндеттер ерекшелігі мен қолдану саласына тәуелді болмауы да мүмкін. Білім үрдісінде қолдануға негізделетін бағдарламалық құралдарда сақталатын негізгі талаптар - бұл жеңілдік пен табиғилық, оқушының оқу материалымен жеңіл танысуына мүмкіндік жасау. Бағдарламаларға сай келетін талаптар мен сипаттамаларды HCI (ағылшын тілінде «Human - Computer Interface» - «Интерфейс-адам- компьютер») аббревиатурасымен белгілеу қабылданған. Бұл сөзбе-сөз аударуды «адаммен сұқбаттасуға арналған компьютерлік бағдарламалар» деп түсінуге болады.

Білімді ақпараттандыру жағдайында болып жатқан кемшіліктерге қарамастан, оны «ақпараттық революция» деп атауға болады, өйткені қол жетерлік табыстар мыналар:

- ақпаратты ұсынудың жаңа формасы. Қызықты, жанды немесе алдын ала жазылған мультимедиалық ақпарат тек текстен емес, графикалық бейнелерден, анимациядан, дыбыстан және видеоүзінділерден құралып, Internet желісі; арқылы беріледі немесе басқа телекоммуникациялық құралдар арқылы компакт-дискілерге жазылады;

- жаңа кітапханалар. Интеллектуальдық ресурстар көлемі және табыстары өседі. Internet электрондық кітапхана каталогтарымен бірігіп, жер қашықтығы

мен уақыт айырмашылығына қарамастан, зор ақпараттар көлемін жинауға қол жеткізеді. Әрине, мұндай кітапханалар онда сақталатын ақпараттарға толық жол аша бермейді;

- оқу сабақтарының жаңа формалары. Студенттер оқытушылардың виртуальды семинарлар және лабораториялар режимінде бірігіп жұмыс жасауы, сонымен бірге жаңа синхрондық мүмкіндік пайда болды. Бірқатар студенттер үшін мұндай жұмыс формалары анағұрлым ыңғайлы, өйткені дәстүрлі оқытуға қарағанда, оларға өз мүмкіндіктеріне қарай өздеріне қолайлы графикпен жұмыс жасау және артық ескертулермен кездеспей отырып ашу қызықты;

- білімнің жаңа құрылымы. Бүгінгі күні білім жүйесіне жаңа құрылым беру үшін телекоммуникация жүйелерімен толықтырылуы қажет, сонымен қатар білім үрдісіне ақпараттық және коммуникациялық технологияларды енгізуде жоғары біліктілікке ие мамандар керек.

Көбінесе қашықтан оқыту бағдарламалары оған барынша мол қол жеткізуге мақсатталған және оқыту сапасына аса анық емес талаптар қояды. Мұндай бағдарламаның білім сапасын жетілдіруі үшін орындауы міндетті талаптар қатарын құрастыруға болады:

- сапасы мен мүмкіндігі жоғары білім кеңістігін құру, кәдімгі оқу орындары ұсынатын мүмкіндіктерден жоғары білім ортасын жасау;

Internet желісінде әмбебап компьютерлік кітапхана құру, кез келген уақытта қолданушыға қол жеткізерлік және кәдімгі кітапханаға көлемді ақпарат беруі тиіс;

желі бойынша педагогтармен қарым-қатынас ұйымдастыру;

оқытушының да, оқушының да білімін компьютермен тексеру жүйесін жасау.

Төмендегідей базалық шарттар сақталған жағдайда сапалы білімге қол жеткізуге болады:

- қымбат тұратын технологиялар мен бағдарлама өнімдерін қолдану;
- іштей және қашықтан, оқыту түрлерін біріктіру;
- қажетті ақпараттық ресурстарды табуды жеңілдететін толық каталогтар жасау.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Воген Т. Мультимедиа: Практическое руководство / Пер. с англ. - Минск: 000 «Пупурри» 1997.

2. Лебедева М.В., Шилова О.Н. Что такое ИКТ-компетентность студентов педагогического университета и как ее формировать. Информатика и образование; 2004.

3. Матрос Д.Ш., Полев Д.М., Мельникова Н.Н. Управление качеством образования на основе новых информационных технологий; - М.; 2001.

Резюме

В статье рассмотрены информатизация образования, основанная на использовании средств новых информационных-коммуникационных технологий, направленную на интенсификацию процесса обучения, совершенствование форм и методов организации учебного процесса.

Resume

In article are considered the information of education based on use of means of new information-communication technologies, directed on an intensification of process of training, perfection of forms- and methods of the organisation of educational process.

УДК 378:371.13.

ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ УСЛОВИЯ ФОРМИРОВАНИЯ ЗДОРОВОГО ОБРАЗА ЖИЗНИ ДЕТЕЙ ДОШКОЛЬНОГО ВОЗРАСТА

Н.В. Мирза, А.Ю. Гаак

*Карагандинский государственный университет
им. Е.А. Букетова, г. Караганда*

Процесс развития образовательных систем в современном мире характеризуется ростом общего уровня образованности населения. Образованность и интеллект относят к разряду национальных богатств. Подъем экономики и политическая самостоятельность ведущих стран мира совпадают с периодом принятия и реализации законов об образовании. В стратегическом плане развития Республики Казахстан особое место занимает реформа образования, в частности, вопросы реформирования дошкольного образования.

Альтернативные дошкольные учебные заведения, организованные в Казахстане в процессе реформирования образования, отнесены к учреждениям нового типа и привлекают внимание ученых различных специальностей.

Научные исследования свидетельствуют о том, что за последнее десятилетие произошло качественное ухудшение состояния здоровья детей дошкольного возраста. Особенности негативных изменений в здоровье являются стремительный рост числа хронических патологий, ухудшение показателей физического развития, рост болезней нервной системы, пограничных нервно - психических заболеваний, болезней глаз, органов